

Саран қаласы және Ақтас кенті бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы

Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № 571 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 желтоқсанда № 6126 болып тіркелді.

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 15.06.2023 № 34 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 68 бабының 3), 9), 11) тармақшаларына, "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 тіркелген) сәйкес, Саран қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 1,2 қосымшаларға сәйкес тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санатының тізбесі айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 15.06.2023 № 34 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

Т. Алешкова

О. Баймаганбетов

Саран қалалық
мәслихатының
2020 жылғы 8
желтоқсаны
№ 571

Шешімге 1 қосымша

Тұрғын үй сертификатының мөлшері

1. Қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1 (бір) миллион теңгеден артық емес.

2. Қарыз сомасынан 10 % дейін, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1 (бір) миллион теңгеден артық емес.

Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 15.06.2023 № 34 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№	Атауы
1	Ұлы Отан соғысының ардагерлері (жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар).
2	Жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер (жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар).
3	Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс кимылдарының ардагерлері (жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар).
4	Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар (жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар).
5	Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар (жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар).
6	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-14 бұйрығымен бекітілген кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарымен ауыратын адамдар (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізімінде № 26830 тіркелген), (жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар).
7	Жасы бойынша зейнеткерлер (жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар).
8	Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады (жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар).
9	Қандастар
10	Экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар (жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар).
	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын

11	алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана данқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналар, көп балалы отбасылар (жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар).
12	Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқықтық тәртіпті қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары (жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар).
13	Толық емес отбасылар (жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ